



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 02 тамыз
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *1834/А*
город Караганда

**Интернат жұмысын
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 5 тамыздағы қаулысы мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 31 тамыздағы №444 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Интернаттың жұмысы туралы 2021 жылғы 5-тамыздағы қаулысында қойылған талаптарды орындай отырып, ата-аналардың өтініші негізінде балалар интернатқа жатқызылсын. (К.К.Махметова);

2.Интернатқа балаларды жатқызғанда Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысында айтылған талаптар қатаң сақталсын:

- санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға жауапкершілік (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау) директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары И.Исинаға, дәрігер П.Дауитбаеваға жүктелсін;
- қызметкерлер арасында жеке/өндірістік гигиена және бақылау ережелерін сақтау, кварц шамдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары, олардың мүлтіксіз сақталуы туралы нұсқама өткізілсін. (П.Дауитбаева);
- интернат топтары жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер, дәретхана қағазы) қамтамасыз етілсін. (А.Оразбекова);
- техникалық персоналдың (тазалаушының) жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып, дезинфекция жүргізуін, пайдаланғаннан кейін жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) арнайы бөлінген орындарда тиісінше сақтауы қадағалансын (А.Оразбекова);
- әрбір 2 сағат сайын топтардың желдетілуі және кварцтануы қадағалансын (М.Баяхметова);
- үй-жайларды жинау, қызметкерлердің қолдарын өңдеу, тыныс алу органдарының ЖҚҚ үшін дезинфекциялық және жуу құралдарының азаймайтын (кемінде бес күндік) қорының болуы қатаң қадағалансын (И.Исинаға, П.Дауитбекова);

000284

✓
- 2021 жылғы «5» тамыздағы қаулысында қойылған талаптар қатаң сақталсын, топтарда, асханада жеке гигиенаны сақтауды бақылау күшейтілсін. (П.Дауитбаева, М.Баяхметова, тәрбиешілер);

- күн сайын медициналық қарап-тексеруді, күніне 2 рет термометрияны, респираторлық симптомдарды анықтау мақсатында тәрбеленушілердің және қызметкерлердің денсаулық жағдайы туралы сұрау жүргізу қамтамасыз етілсін (М.Баяхметова);

- симптомдар пайда болған кезде дереу уақытша инфекциялық изоляторға орналастырылсын және дәрігер-консультант шақырылсын (М.Баяхметова);

- интернат топтарында ақпараттық – насихаттау шаралары өткізілсін. (К.К.Махметова, тәрбиешілер).

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.К.Махметоваға жүктелсін.

Директор  А.Б. Божбанова

Таныстым:
К.К. Махметова 
И.А. Исина 
П. Дауитбаева 
А. Оразбекова 
М. Баяхметова 

Орынд. К.К. Махметова